«БЕКІТЕМІН»
«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры: ________ Е.Т.Сейлханов
«_31_» «_08_______________» 20_18_ ж.

# ОҚУ КАБИНЕТІ (ЗЕРТХАНА) ТУРАЛЫ

# ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

- Осы ереже колледждің оқу-тәрбиелік жұмысын нәтижелі жоғарылату және материалдық техникалық базаны нығайту мақсатында қолданылады.
- Осы ереже мекеменің оқу кабинеттері мен зертханалардың жұмыс тәртібін орнатады.
- Оқу кабинеті (зертхана) – белгілі бір пән (немесе бірнеше пәндер) бойынша оқу немесе сыныптан тыс сабақтар үшін арналған оқу орынның белгілі бір бөлімі.
- Оқу жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес оқу кабинеті (зертхана) қажетті оқу құралдармен, жиһаз, жабдықтармен қамтамасыз етіледі.
- Кәсіптік пәндер бойынша оқу кабинеттер мен зертханалардың құрал жабдықтары Типтік оқу жоспарлар негізінде, нақты жабдықталуымен көрсетілген білім мекемесінің құрал жабдықтар тізбесі негізінде іске асырылады.
- Оқу кабинеттер мен зертханалардың қосылуы (қажеттілігі бойынша) өзара тығыз байланысты пәндер бойынша жүзеге асырылады.

## 2. Оқу кабинетті (зертхананы)меңгеру

Оқу кабинетінің меңгерушісі ретінде нақты пән бойынша білікті оқытушы тағайындалады. Кабинет меңгерушісі өз қызметінде басшылыққа алады:

- Білім беруде оқу кабинеттері мен зертханалардың қызметін анықтайтын нормативті құжаттарды;
- Білім мекемесінің Жарғысын;
- Білім мекеменің ішкі тәртіп ережелерді;
- Осы ережені.

## 3. Оқу кабинеттің (зертхананың) құрылысы мен жабдықтары

Талаптарға сәйкес кабинет (зертхана) жабдықталу керек:

- Студент пен оқытушының жұмыс орнымен;
- Санитарлық талаптарға сәйкес жиһазбен;
- Сынып тақтамен, көрсеткіш таяқшамен және кесте, сызбаларды орналастыру үшін құрылғымен;
- Аудио оқыту жабдықтарымен (қажеттілігі бойынша);
- Зертханалық-практикалық жұмыстарды орындау үшін, аспаптар мен құрал-жабдықтармен (қажеттілігі бойынша);
- ҚР Мемлекеттік рәміздерімен;
- Кабинеттің жұмыс жоспарын бейнелейтін бұрыштамамен.

## 4. Санитарлық-гигиеналық нормалар мен еңбекті сақтау талаптарын орындау

Оқу кабинеті (зертхана) оқу ғимаратына қойылған санитарлық-гигиеналық талаптары мен еңбекті қорғау бойынша талаптарына сәйкес болу керек.

Кабинетте (зертханада) болу керек:

- Желдету кестесі.
- Дәрі – дәрмектер дәріханашығы (қажеттілігі бойынша);
- Еңбекті сақтау бойынша нұсқаулық (қажеттілігі бойынша);
- Еңбекті сақтау бойынша студенттерді тіркеу журналы (қажеттілігі бойынша).

## 5. Оқыту құралдары және оларды жүйелеу

Кабинетте (зертханада) болу керек:

- Сабақтардың тақырыптық әзірлемелері;
- Дидактикалық және үйлестірме материалы;
- Студенттердің өзіндік және бақылау жұмыстарын ұйымдастыру материалдары;
- Көрнекі материалдар;
- Студенттерің шығармашылық жұмыстары (рефераттар, жобалар, суреттер, үлгілер);
- Пән бойынша оқу-әдістемелік және анықтама әдебиеттер;
- Пән бойынша библиографиялық мәліметтер;
- Дидактикалық материалдар бойынша мәліметтер;
- Зертханалық жұмыстарды өткізу үшін әдістемелік әзірлемелер мен жабдықтар.

## 6. Кабинет (зертхана) меңгерушінің міндеттері мен құқықтары

Кабинет (зертхана) меңгерушісі міндетті:

- Кабинеттің (зертхананың) оқу-әдістемелік жағдайын жылына кем дегенде бір рет талдау;
- Оқу бағдарламалар мен қалыптасқан нормаларды ұйымдастыру және жоспарлау;
- Ағымдағы оқу жылына кабинеттің (зертхана) жұмыс және даму жоспарын құру, және оның орындауын бақылау;
- Оқу кабинетіне қойылған талаптары бойынша, кабинетті (зертхананы) санитарлық - гигиеналық талаптарына сәйкес ұстау;
- Кабинетті (зертхананы) материалдар мен қажетті оқу-әдістемелік құжаттамамен, нұсқаулықтармен т.б. жабдықтандыру бойынша шаралар қолдану;
- Кабинеттегі (зертханалар) бар құрал - жабдықтардың есеп санын жүргізу;
- Кабинет (зертхана) мүлігін сақтау және оны керекті дәрежеде күту;
- Еңбекті сақтау және қауіпсіздік техникасы ережелерін, кабинетте оқытушылар мен студенттердің тәртіп ережелерін сақтау, студенттермен нұсқаулықтарды жүргізу және оны журналда белгілеу;
- Пән бойынша сыныптан тыс жұмыс ұйымдастыру (кеңестер, қосымша сабақтар), оны кабинет (зертхана) жұмыс кестесінде көрсету;
- Оқу кабинетте (зертханада) студенттердің шығармашылық жұмыстар банкін құру;
- Кабинет (зертхана) меңгерушісі құқылы:
- Кабинет (зертхана) құрал-жабдықтарын жақсарту бойынша мәселелерді әкімшілік алдында қою;
- Кабинетте (зертханада) жұмыс істейтін оқытушылар мен жеке студенттерді жазалау немесе марапаттау туралы өтініш беру.

**7. Оқу кабинетті (зертхананы) куәландыру**

Кабинет (зертхана) меңгерушінің жұмысын уақытында бағалау үшін және кабинет (зертхананың) сапалы жүйелендіру үшін оны куәландырады.

Оқу кабинетті (зертхананы) куәландыру мақсаты: кабинет жағдайын бағалау, білім стандарттарымен қамтамасыз ету дайындығын анықтау, білім беру үрдісінде оқу-әдістемелік талаптарды қамтамасыз етуде оқу кабинеті мен зертхананың негізгі жұмыс бағыттарын анықтау.

Оқу кабинеттің (зертхананың) куәлігіне кіреді:

- Кабинет (зертхана) мүлігін тізімдеу;
- Кабинет (зертхана) меңгерушінің қызметтік талаптары;
- Лаборанттың қызметтік талаптары (қажеті болса);
- Куәландырудың түрі мен формасы №1 қосымшада көрсетілген.

**8. Құжаттама**

- Оқу кабинетінің (зертхананың) куәлігі;
- Кабинет (зертхана) меңгерушінің қызметтік талаптары;
- Лаборанттың қызметтік талаптары (қажеті болса);
- Ағымдағы жылға кабинеттің (зертхананың) жұмыс жоспары;
- Оқу кабинеті немесе зертхананың болашақты даму жоспары (үш оқу жылға құрастырылады).
- Кесте, сызба және басқа да дидактикалық материалдардың тізімі;
- Еңбекті сақтау бойынша нұсқаулық (қажеті болса);
- Оқу пәндер бойынша жұмыс бағдарламалары;
- Оқу кабинетіне (зертханаға) деген қойылатын талаптар.